

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ РӨЛІ

Жайлау Н.Т.

Ғылыми жетекшісі: п.ғ.м., Кидралиева А.Б.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Электрондық адресі: nursultan.zhaylauov@mail.ru

Қарағанды қ.

«Қазақстан халқы Ассамблеясы — ол әрі іргетас, әрі бейбітшілік, рухани келісім мәдениетінің негізгі қағидаты. Ассамблея - бүкіл азаматтардың бүкілхалықтық өкілдері мүдделерінің инновациялық моделі және біздің жас демократияның табысты құралы».

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының ҚХА-ның XXI Сессиясындағы сөзінен, 2014 жылғы 18 сәуір.

Қазақстан халқы Ассамблеясы – заңды тұлға құрылмай тұрып, Қазақстан Республикасының Президенті құратын, басты міндеті мемлекеттік ұлттық саясатты іске асыру, Қазақстан Республикасындағы қоғамдық саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету сонымен қатар азаматтық қоғам институттарының этносаралық қатынастар саласындағы өзара іс қимылының тиімділігін арттыру бағытындағы мекеме болып табылады.

Тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаев айтпақшы Ассамблея бұл бүкіл азаматтардың бүкілхалықтық өкілдері мүдделерінің инновациялық моделі және біздің жас демократияның табысты құралы екендігі біздің дамуымызға жол ашады.

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Жарлығымен елдегі қоғамдық тұрақтылық пен ұлтаралық келісімді нығайту мақсатында 1995 ж. 1 наурызда Қазақстан халқының Ассамблеясы құрылды. 2015 жыл Қазақстан халқы Ассамблеясының жылы деп жарияланды. Сонымен қатар 2015 жыл Астана Бейбітшілік пен Келісім қаласы атты өтті. Бұл туралы Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының 21 сессиясында мәлімдеді.

Еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясын құру идеясын алғаш рет 1992 жылы Тәуелсіздіктің бірінші жылдығына арналған Қазақстан халықтарының форумында айтты. 1995 жылы 16 ақпанда Тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаев еліміздегі ұлттық мәдени орталықтардың жетекшілерімен кездесу өткізген болатын. Сонда, Елбасы Республикадағы ұлтаралық келісімді сақтау және оны одан әрі нығайту үшін республикада жаңа қоғамдық институт – Президент жанында консультативті-кеңесші орган ретінде Қазақстан халқын ортақ мүддеге біріктіретін Ассамблея құру қажеттілігі туындап отырғанына назар аударған болатын. 1995 жылы 1 наурызда оның мәртебесін Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы консультативті-кеңесші орган деп бекіткен Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқы Ассамблеясын құру туралы шыққан болатын [1, 18 б.].

Қазақстан жеріне тарих сахнасымен саралай қарайтын болсақ, әр кезеңдерде түрлі жағдайларға байланысты басқа жақтан қоныс аударып келіп, тұрақтанған өзге ұлт өкілдері қазіргі таңда баршылық. Олар бүгінгі күні әлемдік қауымдастыққа Қазақстан Республикасы атауымен енген елдің елдің азаматтары ретінде қазіргі кезде өмір сүруде. Көпшілігі кеңестік тоталитарлық жүйе үстемдік құрған шақта күштеп көшірілген халықтар еді. Олардың осындай ауыр жағдайға ұшырап өз елінен шеттеліп кетсе де, жергілікті қазақ халқы өз жағдайлары аса қаты мәз болмаса да, қолдан келген көмектерін көрсетуге дайын тұратын және аман-есен тұрып кетуіне жәрдем берді. Бірқатар ұлттардың ел ішіндегі жағдайы тұрақталып, құқықтары

қайта орнына келген уақытта Отандарына қайта оралды. Ал кейбіреулері тұрақтап қалды және олар Қазақстан азаматы ретінде барлық салада еңбек етіп, елдің дамуына үлес қосып жатыр [2, 22 б.].

Еліміздің Тәуелсіздік алған уақытынан бері қазақ халқы өзге ұлт өкілдерімен саяси түрде тұрақты және ұлтаралық келісімде өмір сүруде. Бұл көп үлкен уақыт ширегінде этносаралық қатынастардың Қазақстанның өз үлгісінің қалыптасқандығын аңғартады. Ал, елдегі азаматтардың ортақ Отанға деген сүйіспеншілігі мен ұлтарлық келісімділігі және олардың бейбіт әрі тату өмір сүрудің барысында қалыптасқандығы рас [3, 4 б.].

Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың кезінде Ассамблея ұғымы елімізде белең алды, дами түсті және өз өзектілігін жоғалтпай әлі де жалғасып келе жатқаны сөзсіз. Осыған байланысты алғашқы Елбасымыз «Ұлтаралық келісім өте нәзік, кәдімгі адам ағзасының қантамырлар жүйесі, оның бір жерінде кідіріс болған жағдайда адам денсаулығын жоғалтады»- деп айтқан болатын. Мемлекетте де дәл солай осы процесстер орын алады. Біздің жылдағы барлық жетістіктеріміз елдегі осы тұрақтылық пен тыныштықтың арқасында болып отырғандығын алға тартамыз. Бұл біздің елді нығайту барысындағы басты ұстанымымыз. Қазақстан халқы Ассамблеясының мақсаты тұрақтылықты, ұлтаралық келісімді қамтамасыз етудің бүкіл тәжірибесі – әлемдік тұрақтылыққа қосқан үлес болуы тиіс. Еліміздегі тыныштық мәселесі бұл жеке бір адамға ғана тән емес, Қазақстанның бүкіл халқының мәселесі, мемлекеттің мәселесі, біздің бірегей болашағымыздың мәселесі деп нық сеніммен қарайық [2, 23 б.].

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың саяси ерік-жігері халықтың бірлігін қамтамасыз етуге бағытталды. Бұл саясаттың өмірде іске асырылуы қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірліктің қазақстандық моделінде көрініс тауып, ол халықаралық тұрғыдан мойындалды. Оның бірқатар айрықша ерекшеліктерін атап көрсеткен жөн.

Біріншіден, ҚР Конституциясында этносаралық және конфессияаралық қатынастар саласын толықтай реттейтін нормалар бар. Ол «Біз, Қазақстан халқы» деген сөздерден басталады, бұл әуел бастан-ақ елдің барлық азаматтарының ортақтығы идеясын білдіру үшін жазылған. Бұл ретте бізде аз ұлттар ұғымы қолданылмайды. Біз біргеміз, біртұтаспыз және үлкен ұлт немесе кіші ұлт деп бөлінбейміз.

Негізгі Заңның 1-бабында Қазақстан Республикасы қызметінің негізгі принциптерінің бірі «қоғамдық келісім» деп жария етілді. Барлық азаматтардың, олардың ұлтының қандай екеніне қарамастан, құқықтары мен бостандықтарының теңдігі бекітілген.

ҚР Конституциясының 39-бабында, 2-тармақта «Ұлтаралық және конфессияаралық татулықты бұзатын кез келген әрекет конституциялық емес деп танылады» делінген.

Осылайша, біздің еліміз әу бастан-ақ мәдениеттердің, тілдердің, халық дәстүрлерінің алуан түрлілігін мойындай отырып, азаматтық қоғам құру жолын таңдады. Қазақстандық бірегейлік – жалпыазаматтық құндылықтарды, экономикалық, әлеуметтік және мәдени мүмкіндіктер теңдігі жүйесін орнықтыруға негізделген.

Екіншіден, мемлекет ұлттық саясаттың ойластырылған стратегиясын іске асыра отырып, дәйекті түрде этносаралық қатынастар саласындағы тұрақтылықтың кепілі. Бұған мына фактілер дәлел болады: Тәуелсіздіктің 31 жылы ішінде тек ҚХА қызметіне қатысты мәселелер бойынша Конституцияға, «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заңға екі рет түзетулер қабылданды. Президенттің 10-нан астам Жарлығы шықты. ҚХА-ның орта мерзімді кезеңге арналған (2011 жылға дейін) стратегиясы іске асырылды, Қазақстан халқы Ассамблеясының 2025 жылға дейінгі даму тұжырымдамасы қабылданды.

Бұдан басқа, мемлекеттік бірегейлікті қалыптастыру тұжырымдамасы, «Этносаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделін жетілдірудің 2006-2008 жылға арналған бағдарламасы», басқа да құжаттар әзірленіп, іске асырылды. Яғни, этносаралық келісім мәселелері мемлекет пен қоғамның басты назарында. Осының арқасында Қазақстан бейбітшілік пен келісімді қамтамасыз етудің ең теңдестірілген және тиімді жүйелерінің біріне ие болды. Ол Елбасы белгілеген келесі негізгі қағидаттарға негізделген:

- мемлекеттің мүлтіксіз дамуының, өзара сыйластық пен қоғамның жауапкершілігін сақтаудың мызғымастығы;
- Қазақстан халқының бірлігі;
- этностық, конфессиялық, мәдени және тілдік әралуандық;
- қазақ халқының біріктіруші рөлі;
- барша этностарға мәдениетті, тілдер мен дәстүрлерді дамыту үшін барлық қажетті жағдайлардың жасалуы.

Үшіншіден, Елбасының саяси ерік-жігерінің арқасында этностық және діни қатыстылығына қарамастан, азаматтық тең құқықтылықтың нақты институционалдық тетіктері құрылып, дәйектілікпен жетілдірілуде.

Негізгі институт – 1995 жылы консультативтік-кеңесші орган ретінде құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясы. Оны құру идеясын Елбасы Н.Назарбаев 1992 жылы өткізілген Қазақстан халықтарының I форумында жария еткен болатын. 2007 жылғы конституциялық реформа Ассамблеяны конституциялық мәртебесі бар мекеме ретінде бекітті. Ассамблеяға кепілді түрде парламенттік өкілдік қамтамасыз етілді, ал ол сайлайтын Мәжілістің 9 депутаты Қазақстанның этностық топтары мүдделерінің барлық жиынтығын құрады. Мәжілістің қазіргі шақырылымында 31 адамнан тұратын ҚХА депутаттық тобы жұмыс істейді, оған Парламенттегі барлық партиялардың өкілдері кіреді. Облыстық мәслихаттарда да осындай топтар құрылған.

2008 жылғы қазанда «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заң қабылданып, ол оның қызметін нормативтік-құқықтық реттеуді, орталықтағы және өңірлердегі институционалдық вертикаль бірлігін қамтамасыз етті.

Ассамблея қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру және қоғамдық келісімнің конституциялық қағидатын іске асыру тетігі ретінде әрекет етеді, бұл – азаматтық қоғам мен мемлекеттің диалогтық алаңы. Оның қызметі қоғамдық келісім мен бірлікке қатысты Конституция нормаларының толық, табысты және сөзсіз іске асырылуын қамтамасыз етеді.

Төртіншіден, ҚХА құрылған сәтінен бастап өз қанатының астында елеулі қоғамдық инфрақұрылымды қалыптастырып, біріктірді.

Бүгінде Ассамблея қамқорлығымен 1025 этномәдени бірлестік (ЭМБ) жұмыс істейді, оның ішінде 28-і республикалық мәртебеге ие. ЭМБ активі – 348 мың адам. Елімізде 40 Достық үйі, ал Алматы қаласында – Республикалық Достық үйі Ассамблеяның көпфункционалды ресурстық орталығы ретінде жұмыс істейді. 2009 жылы Елбасының тапсырмасы бойынша ҚХА Ғылыми-сараптамалық кеңесі (ҚХА ҒСК) құрылды. Оның құрамында 52 ғалым, зерттеу институттарының басшылары мен қоғам қайраткерлері бар. Барлық өңірлерде ғылыми-сараптамалық топтар құрылып, олардың қызметіне 300 ғалым мен сарапшылар тартылған. Бұл топтар үшін өңірлік жоғары оқу орындары ғылыми базалар болып табылады.

ҚХА ҒСК-нің ғылыми-әдістемелік және білім беру базасы – Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, онда Этносаралық және конфессияаралық қатынастарды зерттеу орталығы ашылған.

Тұңғыш елбасымыз ұсынған «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты 17 қаңтар 2014 жылғы жолдауында, «Мәңгілік ел» гуманистік тұжырымдама контекстінде толеранттылық пен ұлтаралық келісімді студенттік қауымдастықтың рухында тәрбиелеуге бағытталған, университетте мемлекеттік ұлттық саясатты іске асыру туралы айтылған еді. Осы жұмысты іске асыру барысында Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедраларының қауымдастығы құрылды. Еліміздің жетекші жоғары оқу орындары мен колледждерінде ҚХА 42 кафедрасы жұмыс істейді. Бұл кафедраларының мақсаты – студент жастар арасында толеранттылық мінез-құлықты қалыптастыру үдерісінде көпэтностық қоғамның қазақстандық үлгісін зерттеу мен насихаттаудың бірыңғай әдіснамалық және тәжірибелік тәсілдерін әзірлеуде күш-жігерді жұмылдыру. Сонымен қатар Ұлттық академиялық кітапханада ҚХА ғылыми депозитарийі бар, онда 1400-ден астам дереккөздер қамтиды, олардың көпшілігі электронды форматта.

Барлық өңірлерде Ассамблеяның қамқорлығымен облыстық, қалалық, аудандық және ауылдық деңгейлерде, сондай-ақ ірі кәсіпорындардың ұжымдарында 3014 Қоғамдық келісім кеңесі және 1753 Аналар кеңесі құрылған. Олар жергілікті жерлерде, халықтың өзекті мәселелерін шешуге, соның ішінде қақтығыстардың алдын алу саласында белсенді қатысады [4].

Жалпы мына сұрақтарды қарастырып өтсек Қазақстан мемлекетіндегі қазақ халқының міндеті мен рөлі қандай? Мемлекетті құраушы ұлт па әлде жәй ғана полиэтникалық Қазақстан халықтарының бірі ғана ма? Қазіргі таңда осы сұрақтар Қазақстан халқы Ассамблеясы болсын ұлттаралық келісім халықаралық қатынас үшін де маңызды сұрақ болып отыр. Қазақстан бұл полиэтникалық ел болғанымен, ондағы мемлекетті құрушы, яғни титулды ұлт – қазақ халқы болып саналады. Бұл бірінші кезекте Конституцияда ақталса, екінші кезекте, биліктің қайнар көзі халық болса, сол халықтың басым көпшілігі қазақ халқы екені айдан анық. Сондықтан да, қазақты көпұлттардың бірі деп еш уақытта санауға болмайды. Қазақстандағы қазақ халқының мәселесіне келетін болсақ, еліміздегі өзге ұлт өкілдеріне қысым жасап, дискриминациялаудың керегі жоқ. Бірақ, қазақ халқының мемлекет ішіндегі рөлін көтеру қажет. Кез келген елдің мемлекетті құраушы ұлтқа деген көзқарасы ерекше болуы бұл заңды құбылыс. Ал, қазақ халқы өзінің елінде, отанында ел болып дамушы мемлекетті құрушы ұлт деп нақты әрі сенімді айтуға болады.

Қазақстан халқы Ассамблеясының мақсаты – қазақ халқының топтастырушылық рөлін атқару ете отырып, қазақстандық патриотизм, Қазақстан халқының азаматтық және рухани-мәдени ортақтығы негізінде қазақстандық біркелкілікті және бәсекеге қабілетті ұлтты қалыптасыру процесінде республикадағы этносаралық келісімді қамтамасыз ету.

Қазақтардың мәдени бұрыннан келе жатқан тамыры тереңде жатқан этникалық дәстүрлерінен қазіргі кезге мұра болған рухани саладағы төзімділік бұл уақыт пен келешекте азаматтық әлемді сақтаудың негізгі кілті болып саналады. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы 40-тан астам конфессия мен деноминация өкілдері, сонымен қатар 132 ұлт пен этникалық топ өкілдері бейбіт және өзара түсіністікте өмір сүре алатындығының бірден бір мысалы және бұл мәселелер заңнамалық тұрғыда да көрсетілген. Қазақстандағы әрбір ұлттың өзінің этнокұрылымдары бар, 22 республикалық және аумақтық ұлттық-мәдени орталықтары құрылған. Әзербейжан, грек, ингуш, неміс, шешен, поляк және басқа да халықтардың ұлттық мәдени орталықтары жанында жексенбілік мектептер жұмыс істейді [5, 7 б.].

Ассамблеяның Қазақстан барысында жұмыс жасайтын негізгі міндеттері бұл этносаралық қатынастар саласында мемлекеттік органдармен және азаматтық қоғам институттарымен тиімді өзара іс қимылды, тыныштықты қамтамасыз етеді. Этносаралық келісімді және толеранттылықты одан әрі нығайту, қазақстандық қоғамды қалыптастыруды негіздеді. Сонымен қатар, Қазақстан халқы Ассамблеясы мемлекеттік органдарға экстремизм мен радикализм көріністеріне қарсы әрекет етуге, азаматтардың демократия нормаларына негізделген саяси құқықтық мәдениеті мен өркениетін қалыптастыруға көмек көрсетті. Ассамблея бұл тек мемлекет ішіндегі этносаралық тыныштық пен бірлікті қамтамасыз етіп қоймай, этномәдени бірлестіктердің күш біріктіруін қамтамасыз ете білді және этномәдени орталықтардың дамуына жәрдемдесті. Осы міндеттер барысында Қазақстан халқының өзінің ұлттық мәдениеттері, рухани құндылықтары, тілдері мен діндері, дәстүрлерінің өркендеуін, сақталуын және дамуын алға тартқан болатын. Ассамблеяның қазіргі таңда 350-ге жуық мүшесі бар яғни осы мүшелік ету барысында өз елдерінде де ассамблея осы принциптер барысында жұмыс жасайды. Қазақстан құрамы ішінде Қазақстан халқы Ассамблеясы халықтарының Кіші Ассамблеясы республикалық және аймақтық ұлттық-мәдени бірлестіктері мен Ассамблея Кеңесінің мүшелері тең арақатынас қағидасы болған болатын. Ассамблеяға мүше бұлар басқа ұлт өкілдерінің тұлғаларынан құралады. Қазақстан халық Ассамблеясы бұл мемлекетте өмір сүріп жатқан барлық этностардың мәдениетін, тілін дамытуға қолайлы жағдай жасау бойынша Қазақстан халықтарының фестивальдерін, тілдер фестивальдерін, жексенбілік мектеп оқушыларының мемлекеттік тіл мен ана тілін білу дәрежесін

анықтайтын байқауларын, тіл дүниетанымы бойынша республикалық және халықаралық ғылыми-практикалық көптеген конференциялар мен семинарлар өткізіледі [6, 35 б.].

Жалпылай келгенде Қазақстан халқы Ассамблеясы жұмысы арқылы қазіргі таңда елімізде этносаралық және конфессияаралық келісімнің бірегей моделі, әрбір Қазақстан жерінде тұратын азамат өзінің этникалық және діни ерекшелігіне қарамастан Конституция бойынша кепілдік берілген азаматтық құқықтары мен бостандықтарын толық пайдалана алатындай ерекше бір сенім, бірлік, ынтымақ өзара бір түсіністік тапқандай. Мемлекетімізде барлық этнос өкілдерінің мәдениетін, дәстүрін, тілін дамытуға көптеген жағдайлар жасалған. Қазақстанның этносаралық қатынастар мәселелерін шешетін ел ретіндегі халықаралық беделін арттыруғы ықпал етеді.

Қазақстандағы азаматтық бітім мен келісім – бұл мемлекеттің де, қоғамның да тиянақты жұмысының нәтижесі. Мұндағы Ассамблеяның маңызы зор. Сондықтан да азаматтық бітімді сақтау – бұл Қазақстан халықтары Ассамблеясының, барлық мемлекеттік органдардың, партиялардың, қоғамдық бірлестіктердің, бұқаралық ақпарат құралдарының, әрбір жеке қазақстандықтардың стратегиялық міндеті. Азаматтық бітім мен ұлттық келісімге деген біздің ортақ құлықтылығымыздың, Қазақстанның болашағы үшін ортақ жауапкершілігіміздің негізінде біз қауіпсіздігімізге төнетін кез келген қатер мен сынақтарға қарсы тұра аламыз. Бүгінде бізден – Қазақстан халықтары Ассамблеясының әрбір мүшесін осынау зор жауапкершілікті түйсіну, бастамашылдық, азаматтық және біздің ең басты байлығымыз – адамдар арасындағы достық пен сенімді сақтайық деген осынау ойды, осынау өткір қажеттілікті еліміздің әрбір азаматына өткізу жөніндегі нақты іс-әрекет талап етіледі. Бізге әлемдік дамудың жалпы барысымен үнемі «сағатты тексеріп отыру», ел алдында тұрған нақты міндеттерді шешу кезінде біздің көпұлтты қоғамның ерекшеліктерін тексеру керек. Басқаша айтқанда, қоғамға біздің алға қарай қозғалысымыздың айқындаушы факторы ретінде ұлтаралық келісім мен тәжірибесін үнемі қайта қарап, ой елегінен өткізіп отыру керек.

Қазақстан дүниежүзілік қауымдастықтың қазіргі таңда ажырағысыз бөлігіне айналып отыр. Біз әлемдік экономикадан өз орнымызды алуға ұмтылып келеміз. Бұл объективті процесс. Алайда, бұл ретте біздің қатал бәсекелестік дүниесіне килігетінімізді ұмытпаған жөн. Біздің алға ұмтылысымыз «Қазақстан – 2030» Стратегиясында жария етілген. Оны орындауға мемлекеттің ауылды өркендету жөніндегі, 2015 жылғы дейінгі елдің Индустриялық – инновациялық даму бағдарламасын іске асыру жөніндегі қызметі бағытталған. Қазақстанның көпұлтты халқының бірлігін қамтамасыз ету біз үшін өткеннің және қазіргі кездің жетістіктері ғана емес, сонымен бірге болашақтың міндеті болып табылады [5, 6 б.].

Өткенге мұқият қарасак, Қазақстан Республикасының саяси тұрақтылығын, қоғамдық ішкі қауіпсіздігі мен тыныштығын сақтауды саяси реттеудің басты тетігі ретіндегі елдің ынтымағы мен этносаралық келісімін қамтамасыз ету әрдайым өзекті мәселе. Саяси институттардың ең жоғарғы сатысынан орын алатын мемлекет өзінің бүкіл әкімшілік жұмысы барысында өз атауына сай төл азаматтарымен қатар басқа да этнос өкілдерінен құралған азаматтардың қамын күйтеп, олардың барлық конституциялық құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін қамтамасыз етуге, олардың өзара тыныш, келісімді де үйлесімді арақатынастарына тиімді әрі қауіпсіз жағдай жасауға, ынтымақты күйттеген этносаяси процестерді ұйымдастыруға қабілетті барлық мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың, әсіресе Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін демократиялық әдіспен қамтамасыз етудің стратегиялық міндетін орындау қажеттілігін зор жауапкершілікпен мойындайды.

Сөз соңында еліміздің тарихында қазақ халқының патриотизмі маңызды орынға ие. Өз еліне қызмет етуден көрінетін Отанға деген сүйіспеншілік сезімі қоғам дамуы мен ұрпақтар сабақтастығының маңызды құрамдасы болған және солай қала бермек. Этносаралық қарым-қатынастың қазақстандық үлесі елімізде саяси тұрақ пен бейбітшілігін сақталу жолында көптеген жұмыстар атқарып келеді. Біздің елімізде алуан этникалық қауымдардың бейбіт қатар өмір сүру нысаны ретіндегі берік, жүздеген жылдардың сынағынан өткен өркениетті дәстүрлер үн қатысуы қалыптасты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан халқы Ассамблеясының хроникасы. - // Менің Елім. - 2009 - № 1.
2. Этносаралық келісімнің казакстандық үлгісі : ҚР мемлекеттік ұлттық саясаты. - // Менің Елім. - 2009 - №1.
3. Назарбаев Н. Тәуелсіз Қазақстан-біздің ең қымбат, ең асыл құндылығымыз! / Н.Назарбаев. - // Ақиқат. - 2010 - №11.
4. Елбасы және Ассамблея: Татулық пен келісім жолы.-// Егемен Қазақстан. 29 сәуір 2019 ж.
5. Назарбаев Н. Ұлттық бірлік - біздің стратегиялық тандауымыз / Н. Назарбаев. - // Ақиқат. - 2009 - № 12.
6. Алдабергенев А. Қазақстан Республикасы Парламентіндегі Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілдігі / А. Алдабергенев, М. Асланов. - Әділ сот.- 2009.- №6.

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ

Күзенбаева А.Қ., Қасым А.Т

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.м., оқытушы Орынбекова Р.Ж.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті.

riza-janibekovna@mail.ru

Қарағанды қ.

Бүгінгі таңда Қазақстанда 138-ге жуық этномәдени бірлестіктер бар, олар облыстық деңгейде де, қалаларда да жұмыс істейді. (Қазақстан халқы Ассамблеясының мәліметтері бойынша). Негізінде этномәдени бірлестіктер этномәдени өзін-өзі басқарудың негізгі тасымалдаушылары болып табылады және соңғы уақытқа дейін жекелеген этностардың мәдениеті мен тілін дамыту мен сақтаумен ғана айналысқан мемлекеттік институттар болып табылады. Этномәдени орталықтар өздерінің ұлттық мүдделерін білдіру үшін облыстық деңгейдегі «халық ассамблеялары» деп аталатын арнайы мемлекеттік мекемелерге өз өкілдерін жібереді, олар өз кезегінде Қазақстан халқы жалпы ассамблеясына делегаттарды тағайындайды [1, 17 б.].

Қазақстан халықтарының Ассамблеясы 1995 жылғы 1 наурызда Нұрсұлтан Назарбаевтың жарлығымен құрылды. Оны құрудағы мақсат - мәдени орталықтарды үкіметтің қарауына алу және жағымсыз көріністерді ығыстыру, этномәдени өзін-өзі басқару. 10-шы жылы ассамблея атауының өзгеруі (Халық Ассамблеясынан Қазақстан халқы Ассамблеясына дейін) ең алдымен Қазақстан халқының этникалық әртүрлілігіне қарамастан бірлігін білдіруі керек еді. Қазақстан халқы Ассамблеясы кеңесші орган болып табылады және Қазақстан Республикасы Президентіне есеп береді. Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметі заң жобаларын әзірлеуге және Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік ұлттық саясатты іске асыруға бағытталған. Этносаралық қатынастар саласы, республикадағы қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету және мемлекет пен азаматтық институттардың өзара іс-қимылының тиімділігін арттыру үшін негізделген. 2007 жылғы мамырда Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, одан кейін Қазақстан халқы Ассамблеясы Қазақстан конституциялық орган мәртебесіне ие болды. Ассамблея өз қатарынан Парламент Мәжілісінің 9 депутатын сайлау құқығын алды, бұл оның қоғамдық-саяси маңызын арттырды. 2008 жылғы 20 қазанда Президент Республикасының Қазақстан «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды, оған сәйкес ол елдің саяси жүйесінің толыққанды субъектісіне айналды, оның өмірін реттейтін құқықтық база айқындалды. Заңның 3-бабына сәйкес, Ассамблеяның негізгі міндеті «Қазақстандық патриотизмге негізделген Қазақстандық азаматтық бірегейлікті және бәсекеге қабілетті ұлтты қалыптастыру процесінде Қазақстан Республикасында ұлтаралық келісімді